

Сарқан ауданында мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу мөлшерін және тәртібін айқындау туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Сарқан аудандық мәслихатының 2015 жылғы 12 ақпандағы № 50-256 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 11 наурызда № 3094 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Сарқан аудандық мәслихатының 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 64-333 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Сарқан аудандық мәслихатының 19.01.2016 № 64-333 шешімімен. Р Қ А О ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" 2002 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 4) тармақшасына және "Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" 2014 жылғы 11 наурыздағы № 217 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Сарқан аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Мүгедектер қатарындағы кемтар балалардың (бұдан әрі - кемтар балалар) ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу (бұдан әрі - оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу) тоқсан сайын сегіз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айқындалсын.

Келесі тәртіп айқындалсын:

1) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алуды "Сарқан ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жүргізеді;

2) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу кемтар балалардың ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне (бұдан әрі - алушы) беріледі;

3) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үшін алушы келесі құжаттарды:

өтінішті, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 217 қаулысымен бекітілген "Үйде оқитын мүгедек балаларға материалдық камсыздандыруды тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (

бұдан әрі – Стандарт) 1-қосымшасына сәйкес;
алушының жеке басын куәландыратын құжатты;
тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;
психологиялық – медициналық – педагогикалық консультацияның
қ о р ы т ы н д ы с ы н ;

мүгедектігі туралы анықтаманы;
банктегі шоттың болуы туралы құжатты;
Стандарттың 2-қосымшасына сәйкес, кемтар баланың үйде оқу фактісін
растайтын оқу орнының анықтамасын ұсынады;

4) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу психологиялық –
медициналық – педагогикалық консультацияның қорытындысында
көрсетілгендей, кемтар баланы үйде оқытудың қажеттілігі танылған сәттен
бастап бір жылға тағайындалады және көрсетілген мерзімге тоқсан сайын
т ө л е н е д і .

5) алғаш тағайындалған жағдайда оқытуға жұмсаған шығындары өтініш
берген күннен бастап төленеді.

Осы шешімнің орындалуын бақылау Сарқан аудандық мәслихатының "
Депутаттар өкілеттігі, заңдылық, заң тәртібін сақтау, әлеуметтік саясат, жастар
және қоғамдық ұйымдармен байланыс жөніндегі" тұрақты комиссиясына
ж ү к т е л с і н .

Сарқан аудандық мәслихатының аппарат басшысы Бейсен Мерекебайұлы
Разбековқа осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін
ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан
Республикасының Үкіметі белгілеген интернет ресурста және аудандық
мәслихатының интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне
енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі.

*Сарқан аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Сарқан аудандық
мәслихатының хатшысы*

Ж. Сасанбаев

Қ. Абдрахманов